

Сүлейменов , А.

Алаштың арда туған Әлімханы [Текст] : [Тәуелсіздік тұлғалары] / А. Сүлейменов // Орталық Қазақстан. - 2011. - 26 қараша (№196-197). - (Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл).

Халқымызда «Жақсы адам – қазына» деген ұлағатты сөз бар. Бұл теңеу алаштың асыл азаматы, елінің мұң-мұқтажын, мүддесін қара басының қамынан биік қойған Әлімхан Әбеуұлы Ермековке қатысты айтылғандай. Талай ғасырлар бойы аңсап, қол жеткізген Тәуелсіздіктің 20 жылында еңсемізді тіктеп, тарихта кеткен ұпайымызды түгендеп, ұлт үшін жүз ойланып, мың толғанған ұлыларымызды ұлықтаудың болашақ ұрпақ үшін маңызы зор. Осынау азаттықтың алғышарты болатын кең-байтақ жерімізді құжатпен нақтылауға өлшеусіз үлес қосқан, «Алаш» партиясының негізін салушылардың бірі, қазақ тіліндегі жоғары математика оқулығының авторы, математиканың ғылыми терминологиясын қалыптастыру мен дамытуда алғаш бастама көтерген, қазақтан шыққан тұңғыш математика профессоры Әлімхан Ермековтің туғанына биыл 120 жыл. Қоғамдық ой-санасы биік, тұтас елдің жоғын жоқтап, алға бастаушы локоматив іспетті болған Әлімхан Әбеуұлы Ермековтің өмір жолы, азаматтық болмысы, кім-кімге болмасын, үлгі тұтарлықтай.

Революцияға дейінгі кезеңде жоғары оқу орнында білім алған санаулы ғана қазақтың бірі Әлімхан Ермеков соңына 50-ден аса ғылыми еңбек қалдырды. Ғалымның бірқатар еңбектері ел өміріндегі қоғамдық-саяси тақырыптарды қозғаса, «Ұлы математика курсы» ғылым-білімге ден қойған мамандардың кәдесіне жарап, әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпай келеді.

Әлімхан Әбеуұлы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезіндегі Темірші болысында (қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында) 1891 жылы дүниеге келген. Сегіз жасында Қарқаралыдағы үш жылдық қалалық училищеге оқуға барып, 1905 жылы үздік бітіріп шығады. Дәл сол жылы ол Семейдегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданып, оны 1912 жылы алтын медальмен аяқтайды. Сөйтіп, аттестат байқауы бойынша Томск технология институтына оқуға аттанады. Томскіде оқып жүріп орыстың озық ойлы ойшылдарымен, ғалымдарымен танысады. Шоқан Уәлихановтың досы, қазақ даласында жүріп, оның мәдениеті жөнінде мол мұра жинаған орыстың географ, этнограф ғалымы, белгілі фольклортанушы Г.Потанинмен етене араласады. Бұл жөніндегі қызықты деректерді өлкетанушы Ю.Поповтың шағын кітапшасынан кездестіруге болады: «Бірде ғалымның үйіне жаңа қонақ, 22 жастағы ұзын бойлы, сымбатты қазақ келеді. Егде тартқан үй иесі бұл жаспен беріліп әңгімелеседі». Бар-жоғы 22 жастағы Әлімханның бойындағы білімге деген құштарлықты көріп, тәнті болған қарт Потанин ағалық ақыл беріп, оған: «Әлімхан, сенің білімің – қазақтың білімі. Сол

себепті, жақсы оқы және өзгелерді оқыт, осыны мәңгі есінде сақта» – деп, үлкен үміт артқан.

Орыстың саяхатшылары мен зерттеушілері, географтары, геологтары, этнографтары қазақ сахарасында қанат жайған халықтың тұрмыс-тіршілігін танып-білуге әрқашан ықылас танытты. Бұл ретте Томск қаласының ғалымдары да көп үлес қосқанын білеміз. Әсіресе, Г.Потаниннің алар орны айрықша. Оның соңғы этнографиялық экспедициясы 1913 жылдың жазында Семей облысының Қарқаралы уезінде өтті. Экспедиция кезінде ғалымның қасында апалы-сіңілілі Ворониалар мен Томск технология институтының студенті, жерлесіміз Әлімхан Ермеков бірге жүреді. Г.Потанин экспедицияға келгенде Ә.Ермековтің үйіне түсуінің өзіндік себептері бар. Алғашқыда Тоқырауыннан оңтүстікке қарай 90 шақырым жерде тұратын Смахан дейтін қазақтың үйіне баруға ұсыныс хат алғанымен, соңғы сәтте Ермековтің аулына тоқтауды жөн көреді. Ондағы себеп, жас та болса тоқығаны мол Ә.Әбеуұлы қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін Г.Потанинге табан астында орыс тіліне аударып беріп, көп көмек көрсеткен болса керек. Экспедиция нәтижелерін Г.Потанин 1914 жылдың 10 ақпанында Омбы қаласында Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесі мүшелерінің жиналысында баяндап, қазақ ертегілеріне, өлең мәдениетіне, қазақтың тұрмыстық әдет-ғұрыптарына кеңінен тоқталады. 1914 жылдың сәуірінде «Сибирская жизнь» журналында жарияланған, Г.Потаниннің «Тоқырауын өзенінің сағасында» атты этнографиялық экспедиция нәтижелері Томскінің Сібірді танып-білу қоғамы отырысында да сөз болды. Ә.Ермеков қатысқан осы экспедиция нәтижелері жөніндегі ғажайып құжаттар көшірмелері қазіргі уақытта Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатында, белгілі өлкетанушы Ю.Поповтың қорында сақтаулы. Әлімханның Томскіде оқуы ол үшін білім мен ғылымның қайнар көзі ғана болып қоймай, азаматтық тұлғасының қалыптасуына, дүниетанымы кеңеюіне жол ашты. Зиялылар ортасынан ойып орын тапқан Әлімхан Ермеков Томск қаласында көптеген орыс ғалымдарымен, жазушыларымен және революционерлерімен танысады. Жазушылар В.Шишков, В.Бахметьев, философ Е.Дволейский, революционер Н.Бауэр сияқты белсенділер тобында болады. Сол кездегі құпия ұйымдарға қатысады. Ә.Ермековтің танымдық көзқарасы қалыптасуына, әсіресе, тарихшы, археолог, публицист, этнограф Н.Ядринцевтің ықпалы зор болды. Сондай-ақ, Томскіде оқығанда ол 1917-1918 жылдары Сібірдегі РСДЖП (б) ОК тұрақты төрағасы, ал 1918 жылдың наурызынан, құрамына Семей губерниясы енген Батыс-Сібір ревкомының төрағасы болған революционер В.Косаревпен жақынырақ танысады. В.Косаревтің ұсынысымен Әлімхан Ермеков 1919 жылы Семей губревкомының құрамына кіреді.

Алашорда жетекшілерінің бірі болған Ә.Ермеков жақтастарымен бірге тікелей келіссөздер арқылы Кеңестік билік басындағыларға жалғыз талап қояды – Қазақ автономиясын мойындауға шақырады. Осылайша, тиісті жерлерді қайтаруда «Алаш» қозғалысымен қатар, Ә.Ермековтің де ықпалы зор болды.

Ә.Ермеков 1920 жылы Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі ретінде Мәскеу қаласында іссапарда болып, В.Лениннің басшылығымен өткен отырыста Қазақстанның жағдайы, қазақ елінің шекарасы туралы баяндама жасаған тұңғыш қазақ. Еліміздің шекарасы туралы өткір пікірталаста Ермеков жан-жақты ғылыми, тарихи деректерге негізделген айқын мысалдар келтіріп, қарсылық білдіргендерді лажсыз қалдырады. Бұрынырақта Ресейге өтіп кеткен аса маңызды аумақты, Семей, Ақмола облысының жерлерін, Каспийдің сол жақ жағалауын, Коростылев даласын қазаққа қайта қауыштыруы бүгінгі тәуелсіздіктің алғышарты десек қателеспейміз. Осылайша, азаттық жолындағы мұндай бастамалар өз жемісін беріп, 1920 жылдың 4-12 қазанында Орынборда өткен бірінші жалпы қазақ съезінде Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы деген мәртебеге ие болдық. 1920 жылы Әлімхан Ермеков БОАК жанындағы өлкелерді басқару жөніндегі алқаның төрағасы бола жүріп алаш жұртының мүддесін алға тартады.

Аздаған үзілістен соң Томск технология институтын бітіріп, геолог-барлаушы мамандығы бойынша тау-кен инженері деген диплом алып шығады. Ә.Әбеуұлының еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріндегі маңызды өзгерістерге басшылық жасағанын зерделей отырып, халық ағарту ісіне де бір кісідей ат салысқанына көз жеткіземіз. Ол өз бойындағы дара білімі мен біліктілігін, парасаты мен пайымын өскелең ұрпақты оқытып, тәрбиелеу ісіне жұмсаған азамат еді. Бұған оның бар күш-жігерін салып жүріп, Қарқаралыда 1921 жылы екі сатылы мектеп пен педагогика техникумын ашқызуы дәлел болады. Бұл оқу орындарына танымал мұғалімдер шақыртылып, онда Ұлытаудың, Баянауылдың, Балқаштың түкпір-түкпірінен келген балалар білім алды. 1921 жылы Ә.Ермеков жұбайы, Томск университеті медицина факультетінің түлегі Р.Шагаботдиновамен бірге өзінің ұстазы, геология ғылымдарының магистрі, профессор М.Усовты Баянауылға шақырады. Ондағы ойлары, өкпе ауруына шалдыққан Усовты даланың таза ауасымен тыныстатып, жайлауда қымыз ішкізіп, дертіне шипа қонса деген ниет еді. Бірде Ә.Ермеков пен М.Усов ел ішін аралай жүріп, Абайдың баласы Тұрағұлдың аулына түседі, одан соң Баянауылда Қаныш Сәтбаевпен кездеседі. Болашақ ғалым, академик, ұлтымыздың іргелі геологының ұстазымен таныстығы осылай басталған еді. Ә.Әбеуұлы мен ағайыны Әбікей Сәтбаевтың ықпалымен батыл қадамға барған Қаныш Сәтбаев профессор М.Усовтың кеңесі бойынша Томск технология институтының тау-кен факультетіне оқуға түседі. Өз дәуірінің қайталанбас феномендері болған кешегі ұлт зиялыларының ұлағатты өмірінен сыр шертетін тың деректер Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатында, Е.Бөкетовтің жеке қорында сақтаулы. Е.Бөкетов тапсырған құжаттардың ішінен Усовтың саяхат күнделігі табылып, одан танымал тұлғаларымызға қатысты мәліметтерді кездестіруге болады.

1925 жылы Ә.Ермеков Семейге шақырылады, Орынборда Қазақстан Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары болып

тағайындалады. Сонымен қатар, оған өнеркәсіп секциясын басқару міндеті де жүктеледі. 1926 жылы санаулы ғана жоғары деңгейдегі білікті мамандардың бірі ретінде Ташкенттегі жоғары педагогика институтына, одан соң Алматыдағы жоғары оқу орындарына қызметке шақырылады. Қазақ педагогика институты мен мемлекеттік университетте, сондай-ақ, зооветтехникумда математика кафедраларының меңгерушісі қызметін атқарады. Ә.Ермеков 1935 жылдың күзінде жоғары аттестациялық комиссияның бекітуімен профессор атағын алған тұңғыш қазақ математигі. 1935-1937 жылдар аралығында Қазақстанның алғашқы техникалық оқу орыны – Қазақ тау-кен-металлургия институтында математика және теориялық механика кафедрасын басқарып, жалпытехникалық факультет деканы қызметін қоса атқарды. Оның техника, математика саласындағы толағай еңбектері осы кезеңмен тұспа-тұс келді. Жоғарғы математика пәні бойынша қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазды, математиканың ғылыми терминологиясын қалыптастырумен айналысты. 1937 жылы ұлт зиялыларының соңынан қасақана шам алып түскен қуғын-сүргін басталып, дүрбелең толқыны Алматыны да шарпиды. Алдымен 1937 жылдың тамыз айында Әлімхан Ермековтің достары профессор Санжар Асфендияров, композитор Құдайберген Жұбанов, Ә.Әбеуұлының күйеубаласы, оқу-ағарту халық комиссары Темірбек Жүргенов, сол дәуірдің, т.б. көптеген оқымыстылары тұтқындалады. Сол жылы Әлімхан Әбеуұлы Мәскеуге барып бой тасалап, Куйбышев жоспарлау институтының математика кафедрасына меңгерушілік қызметке жолдама алады. Онда 1938 жылдың наурызына дейін қызмет атқарып, толассыз жабылған жаланың кесірінен қамауға алынады. 10 жылға сотталған Ә.Әбеуұлының мерзімі 6 жылға қысқартылғанымен, Ұлы Отан соғысы басталып кетуіне байланысты лагерьде 9 жыл қамауда болады. 1948 жылы Ә.Ермеков тұтқындаудың үшінші толқынына тап болып, қайтадан 10 жылға қамауға алынады. Алайда, ұлт зиялыларын құртуға бағытталған әрекеттер Ә.Ермековтің азаматтық жігерін жасыта алмады. Бойындағы өжеттік пен рух, халқына деген зор сүйіспеншілік оны үнемі жеңіске, жарқын күнге жетеледі. Қазақстанның қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан қазақтың біртуар азаматы Әлімхан Әбеуұлы 1957 жылдың қарашасында толық ақталады. 1955 жылы Қарағандыға оралғаннан кейін Ә.Ермеков өмірінің соңына дейін Қарағанды политехникалық институтының жоғары математика кафедрасында аға оқытушы болып қызмет атқарды. Ұстаздық жолда еңбек ете жүріп, көптеген саңлақ ғалымдардың шоғырын қатарға қосты. Ғибратқа толы саналы ғұмырын ұлтына арнаған алаштың ардақты ұлы 1970 жылдың жазында мәңгілік сапарға аттанды. Жүрегі мәңгіге тоқтағанымен, оның ұрпаққа қалдырған мол мұрасы, үлгілі ісі ұмытылмақ емес. Ендеше, бүгінгі азат күннің шырақшысы болып өткен ардақтыларымызды ұлықтай жүрейік, ағайын!